

"Тұрғын үйді және басқа да үй-жайларды, қоғамдық ғимараттарды күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1431 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 754 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 125 бұйрығын қараңыз.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырылған «Тұрғын үйді және басқа да үй-жайларды, қоғамдық ғимараттарды күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары бекітілсін

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>	
Қазақстан	Республикасы	
Үкіметінің		
2011 жылғы	1	желтоқсандағы
№ 1431	қаулысымен	
бекітілген		

«Тұрғын үйді және басқа да үй-жайларды, қоғамдық ғимараттарды күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. «Тұрғын үй және басқа да үй-жайларды, қоғамдық ғимараттарды күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) тұрғын үй ғимараттарына, әкімшілік мақсаттағы ғимараттарға, мәдени-ойын-сауық және спорттық-дене шынықтыру мекемелеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылды:

1) тұрғын үй – негізінен тұрғын үй-жайлардан, сондай-ақ тұрғын емес үй-жайлардан және ортақ мүлік болып табылатын өзге де бөліктерден тұратын құрылыс ;

2) тұрғын емес үй-жай – орта мүлік болып табылатын тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) бөліктерін қоспағанда, тұрақты тұруға қарағанда өзге мақсат үшін пайдаланылатын жеке үй-жай (дүкен, дәмхана, шеберхана, кеңсе және сол сияқтылар) ;

3) жерүсті қабаты – үй-жайлардың еденін белгілеу кезінде жердің жоспарлы белгісінен төмен емес қабаты ;

4) жертөле қабаты – үй-жайлардың еденін белгілеу кезінде биіктігі үй-жай биіктігінің жартысынан астамы жердің жобаланған белгісінен төмен қабат ;

5) цоколь қабаты – үй-жайлардың еденін белгілеу кезінде биіктігі үй-жай биіктігінің жартысынан кемі жердің жобаланған белгісінен төмен қабат ;

6) шудың рұқсат етілген деңгейі – бұл шуға сезімтал, адамның айтарлықтай мазасыздануын және жүйелер мен анализаторлардың функционалдық жағдайы көрсеткіштерінің айтарлықтай өзгеруін болдырмайтын фактор деңгейі ;

7) әкімшілік ғимарат – мемлекеттік, шаруашылық, қоғамдық ұйымдар мен мекемелердің, оның ішінде кеңселердің басқарушы аппаратының жұмысы үшін орта құрудың ортақ сәулеттік міндетімен біріктірілген құрылыстар ;

8) мәдени-ойын-сауық мекемелері – конструкциясы мәдени-ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу үшін бейімделген әртүрлі сәулеттік талғамдағы құрылыстар ;

9) халықтың жаппай демалыс орындары – қалалар құрылысының бас жоспарларында, аудандық жоспарлау және қала маңындағы аймақты дамыту схемаларында, курорттарды, санаторийлерді, демалыс үйлерін, пансионаттарды, туризм базаларын, халықтың ұйымдастырылған демалыс орындарын орналастыру аймақтарында бөлінген аумақтар (қалалық жағажайлар, саябақтар, спорттық базалар және олардың ашық құрылыстары).

2. Тұрғын үй ғимараттарын күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

2.1. Тұрғын үй ғимараттарының учаскесіне және аумағына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

3. Тұрғын үй ғимаратына іргелес аумақ абаттандырылады, көгалдандырылады, жарықтандырылады және қоршалады, кіру жолдары мен жаяу жүретін жолдарының қатты жабыны болуы тиіс.

4. Қоқысты жинау үшін асфальтталған алаңға орнатылатын металл контейнерлер пайдаланылады.

5. Контейнерлер тұрғын үй ғимараттарынан 25 метрден (бұдан әрі - м) жақын емес және 100 м алыс емес қашықтықта орналастырылады. Мұндай контейнерлерге арналған алаң үш жағынан биіктігі 1,5 м қоршаумен қоршалады.

6. Жақын жерде орналасқан объектілер мен құрылыстарда санитариялық-қорғаныш аймағы көзделеді.

2.2. Тұрғын үй ғимараттарын жобалауға және салуға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

7. Тұрғын үй ғимараттарын жобалау және салу осы санитариялық қағидалардың талаптарын есепке ала отырып жүзеге асырылады.

8. Құрылыс және әрлеу материалдарына Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген болуы тиіс.

9. Тұрғын үй ғимараттарында пандустар көзделеді.

10. Тұрғын үй ғимараттарында шаруашылық-ауыз су, өртке қарсы және ыстық сумен жабдықтау, сондай-ақ кәріздеу және суағарлар көзделеді.

11. Баспалдаққа көтерілу жолы мен алаңында тұтқалары бар қоршаулары, тұрғын үй ғимараттарында қарт және мүгедек адамдар үшін қосымша қабырғалық тұтқалар болады.

12. Баспалдақ торлары мен лифт холлдары кез келген мақсаттағы басқа үй-жайлардан және қабатаралық дәліздерден есіктермен бөлектенеді, лифт шахталарын шахталардың сыртқы және ішкі қоршау конструкцияларының дыбыс оқшаулағышы болған жағдайда, тұрғын бөлмелермен аралас орналастыруға жол беріледі.

13. Кіреберістерге кіру есігінің алдындағы едендерде және баспалдақ алаңдарда төменге ойықтар, тайғақ болмауы тиіс.

14. Тұрғын үй ғимаратының цоколь қабатында мектепке дейінгі жастағы балалардың аз уақыт болатын топтарына арналған үй-жайларды орналастыруға

1) тұрғын үй-жайларды цоколь және/немесе жертөле қабаттарда орналастыруға ;

2) гипсокартондарды пәтераралық қалқалар ретінде орнатуға; мектепке дейінгі жастағы балалардың аз уақыт болатын топтарына арналған үй-жайларды орналастыруға тыйым салынады.

16. Тұрғын үй ғимараттарының бірінші, екінші қабаттарында:

1) жалпы ауданы 700 шаршы метрден (бұдан әрі – м²) астам байланыс бөлімшелерін ;

2) жалпы ауданы 150 м² астам дене шынықтыру-сауықтыру сабақтарына арналған объектілерді ;

3) орын саны 50-ден астам (жатақханадан басқа) қоғамдық тамақтану объектілерін және күніне 500-ден астам түскі ас дайындайтын ас үйлерді;

4) ыдыс-аяқты қабылдау пункттерін, сондай-ақ жалпы сауда ауданы 1000 м² астам болатын дүкендерді ;

5) пайдалануы тұрғын құрылыс аумағы мен ауасының ластануына әкеп соқтыратын мамандандырылған дүкендерді, құрылыс, химиялық және басқа да тауарларды, оларда жарылғыш заттар мен материалдары болатын дүкендерді, мамандандырылған балық және көкөніс дүкендерін;

6) тез тұтанатын заттар қолданылатын тұрмыстық қызмет көрсету объектілерін (ауданы 250 м² дейінгі шаштараздарды, нормаланатын ауданы 100 м² дейінгі сағат жөндеу шеберханаларын қоспағанда);

7) нормаланатын ауданы 100 м² астам тұрмыстық машиналар мен құралдарды жөндеу, аяқ киім жөндеу шеберханаларын;

8) моншаларды, сауналарды (инфрақызыл кабиналардан басқа), бассейндерді, кәдеге жарату-шикізаттарын қабылдау пункттерін, кір жуу мен химиялық тазарту орындарын (қабылдау пункттерінен және ауысымда 75 килограмм киім-кешекке дейін өздігінен қызмет көрсететін кір жуу орындарынан басқа);

9) жалпы ауданы 100 м² астам болатын тұрғын үй ғимараттарына телефон жүргізуге арналған автоматты телефон станцияларын;

10) қоғамдық дәретханаларды ;

11) жерлеу бюросын (кеңселерді), жерлеуге қызмет көрсететін бюро-дүкендерді орналастыруға тыйым салынады.

17. Жоғарғы қабаттарда суретшілер мен сәулетшілердің шығармашылық шеберханаларын орналастыруға жол беріледі, бұл ретте баспалдақ торының

қабатпен қабысуы тамбур арқылы көзделуі тиіс.

18. Жертөле үй-жайлары таза ұсталады, құрғақ және жарық болуы тиіс.

2.3. Тұрғын үй ғимараттарының жылыту және желдету жүйелеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

19. Тұрғын үй ғимараттарының үй-жайларындағы ауаның есептік параметрлері және ауа алмасу жиілігі осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес көрсеткіштерді қамтамасыз етеді.

20. Жылыту радиаторлары жинау үшін жеңіл қолжетімді болуы тиіс.

21. Үй-жайлар фрамугалар, терезе желдеткіштері немесе басқа да құрылғылар арқылы желдетумен қамтамасыз етіледі.

22. Тұрғын үй ғимараттарының ішіне салынған қоғамдық мақсаттағы үй-жайларда жылыту және желдету көзделеді.

23. Қатты отынмен жанатын қайнату және жылыту пештерін (плиталар) биіктігі екі қабаттан аспайтын пәтерлік тұрғын үй ғимараттарында, жатақханаларда (цоколь қабаты жоқ) орнатуға жол беріледі.

24. Тұрғын үй ғимараттарының ішіне салынған қоғамдық мақсаттағы үй-жайлардың, тұрғын бөлмелердің, асүйлердің табиғи жарығы болуы тиіс.

25. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың үй-жайларында және тұрғын үй құрылысының аумағында инфрадыбыстың және төменгі жиіліктегі шудың рұқсат етілген деңгейі осы Санитариялық қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес көрсеткіштерге сәйкес болуы тиіс.

26. Ауыспалы токтың электр берілуінің ауа желісінен және басқа да объектілерден берілетін тұрғын үй құрылысы аумағындағы өндірістік жиілігі 50 Гц электрлік өрісінің кернеуі жер бетінен 1,8 м биіктікте 1 кВт/м аспауы тиіс.

27. Селолық елді мекендерде орталықтанған сумен жабдықтау болмаған жағдайда, орталықтанбаған сумен жабдықтау көзделеді.

28. Ауыз сумен және ыстық сумен жабдықтау жүйелерінде Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген материалдардан жасалған сумен жанасатын құбырлар және өзге де жабдық қолданылады.

29. Ауыз су құбыры желілерін ауыз су емес сападағы суға келіп түсетін су құбыры желісімен қосуға жол берілмейді.

30. Орталықтанған сумен жабдықтауы және кәрізі жоқ аудандарда бір, екі қабатты тұрғын үй ғимараттарын ауладағы дәретханасымен және қазылған шұңқырларымен жобалауға және салуға жол беріледі.

3. Әкімшілік мақсаттағы ғимараттарға (бұдан әрі – әкімшілік ғимараттар) қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

31. Әкімшілік ғимараттар елді мекеннің аумағындағы құрылыс жоспарына сәйкес орналастырылады.

32. Әкімшілік ғимараттарда арбалармен қозғалатын адамдарға арналған пандустар көзделеді.

33. Әкімшілік ғимаратқа кіреберісте аяқ киімді тазартуға арналған торлар және қоқысқа арналған урналар орнатылады.

34. Тұрмыстық қалдықтарды жинау үшін ғимаратқа 25 метрден (бұдан әрі – м) жақын емес және 100 м алыс емес қашықтықта контейнер алаңы көзделеді.

35. Әкімшілік ғимараттар жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бұру, желдету және ауа баптау жүйелерімен қамтамасыз етіледі. Ыстық және салқын сумен жабдықтаудың резервтік немесе дербес жүйелері көзделеді.

36. Кәріз жүргізілмеген аудандарда ғимаратқа 25 м жақын емес қашықтықта су өтпейтін шұңқыры бар аулалық дәретхана көзделеді.

37. Желдеткіш құрылғылары мен электр қозғалтқыштар шу-дірілден қорғаныш талаптары мен есептеулері ескеріле отырып, орнатылады.

38. Жылумен жабдықтау жүйелері қосымша шуды болдырмауы тиіс және ағымдық жөндеу және қызмет көрсету үшін қолжетімді болуы тиіс.

39. Әкімшілік ғимараттарда фрамугалар, терезе желдеткіштері көзделеді.

40. Әкімшілік ғимараттарда жинау мүкаммалын, жуу және дезинфекциялау құралдарын сақтау үшін арнайы үй-жайлар бөлінеді.

Жұмыскерлер үшін, жеке және арнайы киімді сақтау үшін демалу және тамақ ішу бөлмелері (орындар), себезгі, дәретхана бөлінеді.

41. Инженерлік және технологиялық жабдықты пайдалану кезінде шу деңгейін шекті рұқсат етілген нормалардан арттыруға жол берілмейді.

42. Әкімшілік ғимараттардың үй-жайларында (кеңселерінде) жұмыс орнын ұйымдастыру кезінде жұмыс орнының ауданы, үй-жайды желдету және жарықтандыру жағдайлары есептеледі.

43. Үй-жайлардың ауданы бір жұмыскерге 6 м^2 , кресло-арбаларды пайдаланып жұмыс істейтін мүгедектер үшін тиісінше $5,65$ және $7,65 \text{ м}^2$ есебімен қабылданады.

Сұйық кристалдық және плазмалық мониторы бар компьютерлерді пайдаланушылардың бір жұмыс орнының ауданы кемінде $4,5 \text{ м}^2$, электрондық-сәулелік түтік базасындағы мониторымен – кемінде 6 м^2 болуы тиіс.

Мониторлары бар жұмыс үстелдердің арасындағы қашықтық (бір монитордың артқы беті мен екіншісінің экраны бағытында) кемінде 2 м болуы тиіс, мониторлардың бүйір беттері арасындағы қашықтығы – кемінде 1,2 м.

44. Жұмыс орындарын ірі көлемдегі құрал жабдықпен жарақтандыру және ұжымдық пайдалану жабдықтарын жұмыс үй-жайларында орналастыру кезінде (электронды есептегіш машиналар терминалдарын, микрофильмдер көру аспаптарын және тағы басқалар) үй-жайлардың ауданы жабдықты пайдалануға арналған техникалық құжаттамаға сәйкес кеңейтіледі.

4. Мәдени-ойын-сауық және спорттық-сауықтыру мекемелеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

45. Мәдени-ойын-сауық мекемелерінің көп салалы ғимараттарын төменгі жерүсті және жерасты деңгейлерінде жобалау кезінде келушілердің автотұрақтарын орналастыруға арналған орын көзделеді.

46. Үй-жайлардың (кеңселердің) және әкімшілік ғимараттардың аудандарының есептелген нормативтері осы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес қабылданады.

47. Спорттық-сауықтыру мекемелері жеке тұрған, тұрғын үй ғимараттарының ішіне салынған және жапсарлас салынған үй-жайларға орналастырылады.

48. Спорттық-сауықтыру мекемелерінде жеңіл ылғалды өңделетін, шаңнан жеңіл тазартылатын спорт мұқаммалы пайдаланылады.

Былғарыдан жасалғаннан басқа маттардың материалдан тігілген тысы болуы тиіс, олар ластануына байланысты, бірақ аптасына кемінде бір рет жуылуы тиіс.

Жаттығу қапшықтары, тұлып және тасымалданатын спорттық мұқаммал күніне кемінде 1-2 рет ылғал шүберекпен, ал спорттық мұқаммалдың металл бөліктері құрғақ шүберекпен сүртілуі тиіс.

49. Жыл бойы жұмыс істейтін спорттық-сауықтыру мекемелерінде тұрғын бөлмелердегі ауа температурасының плюс (бұдан әрі – +) 18-20 градусынан Цельсий (бұдан әрі – °C) төмен болмауы, вестибюльде, фойеде, холлдарда +16-+18 °C-тан төмен болмауы қамтамасыз етіледі.

«Тұрғын үйді және басқа да үй-жайларды, қоғамдық ғимараттарды күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына 1-қосымша

Тұрғын үй ғимараттарының үй-жайларындағы ауаның есептік параметрлері және ауа алмасу жиілігі

1-кесте

--	--	--	--

Р/с №	Үй-жай	Жылдың салқын мезгіліндегі ауаның есептік температурасы, °С	Ауа алмасу жиілігі немесе үй-жайдан шығарылатын ауаның көлемі	
			Үру	Сору
1	2	3	4	5
1	Пәтердегі немесе жатақханадағы тұрғын бөлме	20	Тұрғын үй-жайлардың 1 шаршы метріне (бұдан әрі - м ²) сағатына 3 текше метр (бұдан әрі - м ³ /сағ)	
2	Пәтер және жатақхана ас үйлері, текше электрлі плиталарымен	16	-	2-конфоралық плиталарда кемінде 60 м ³ /сағ
3	газ плиталарымен	16		"75" болғанда кемінде 60 м ³ /сағ 3-конфоралық плиталар " " 90 " " 4-конфоралық плиталар
4	Пәтерлердегі киім және аяқ киім кептіретін шкаф	-	-	30 м ³ /сағ
5	Ванна	25	-	25 "
6	Жеке дәретхана	18	-	25 "
7	Дәретхана мен жуынатын бөлме біріктірілген үй-жай	25	-	50 "
8	Жатақханадағы киім тазартатын және үтіктейтін киім ілгіш бөлме, қол жуатын орын	18	-	1.5
9	Пәтерлік тұрғын үй ғимаратындағы немесе жатақханадағы баспалдақтың торлары, вестибюль, ортақ дәліз, алдыңғы бөлігі	16	-	-
10	Кір жуатын орын	15	Есеп бойынша, бірақ кемінде 4	7
11	Жатақханалардағы киім үтіктейтін және кептіретін орын	15	Есеп бойынша, бірақ кемінде 2	3
12	Жатақханалардағы жеке заттарды, спорттық құрал- жабдықтарды сақтайтын және шаруашылық, киім-кешек сақтайтын қоймалар	12	-	0.5
13	Лифтілердегі машина үй-жайы	5	-	Есеп бойынша, бірақ кемінде 0,5
14	Қоқыс жинағыш камера	5	-	1 (қоқыс салғыш діңгегі арқылы)

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1.	Ауруханалардың және санаторийлердің палаталары , ауруханалардың операциялық бөлмесі	Тәулік бойы	86	81	76	71	66	51	51
2.	Пәтерлердің тұрғын бөлмелері, демалыс үйлерінің, пансионаттардың , қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерінің тұрғын үй-жайлары, мектепке дейінгі балалар ұйымдарында және мектеп-интернаттардағы жатын бөлмелер	Тәулік бойы	90	85	80	75	70	55	70
3.	Ауруханалар мен санаторийлердің ғимараттарына тікелей іргелес аумақтар	Тәулік бойы	90	85	80	75	70	55	70
4.	Ауруханалар мен санаторийлердің аумағындағы алаңдар	Сағат 7-ден 23-ке дейін	94	89	84	79	74	59	74
5.	Тұрғын үйлерге, демалу үйлеріне, пансионаттарға, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлеріне, демалу үйлеріне, емханаларға, амбулаторияларға, диспансерлерге, мектепке дейінгі ұйымдарға, мектептерге және басқа оқу ұйымдарына, кітапханаларға тікелей іргелес аумақтар	Тәулік бойы	96	89	86	79	74	59	74
6.	Шағын аудан және тұрғын үйлер топтарының, демалу үйлерінің, пансионаттардың , қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерінің демалыс алаңдары, мектепке дейінгі ұйымдардың және басқа емдеу мекемелерінің алаңдары	Сағат 7-ден 23-ке дейін	102	97	92	87	82	67	82

Жұмыс режимдеріне байланысты медициналық техниканың жеке түрлерінен шығатын шудың рұқсат етілген деңгейі (жабдықтан 1 метр қашықтықтағы шудың сипаттамасы)

2-кесте

Р/с	Бұйымдардың атауы	Дыбыстың рұқсат етілген деңгейі L_A , дБА	Жұмыс режимі
1	2	3	4
1	Хирургиялық аппаратура, өкпені, наркоздық-тыныс алуды жасанды желдету аппаратурасы	45	Үздіксіз
2	Зертханалық жабдық (клиникалық, биохимиялық, бактериологиялық және басқа да зерттеулер үшін)	50	Үздіксіз
3	Стерильдеу-дезинфекциялау жабдығы	55	Үздіксіз
4	Физиотерапевтикалық, рентгенологиялық жабдық, функционалдық диагностикалауға арналған аспап, осыған ұқсас жабдық	50	қайталама қысқа уақыт
5	Стоматологиялық және зертханалық жабдық (центрифуга, термостаттар, осыған ұқсас құрал-жабдық)	55	қайталама қысқа уақыт
6	Жуғыш жабдық	60	қайталама қысқа уақыт

«Тұрғын үйді және басқа да үй-жайларды, қоғамдық ғимараттарды күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына

3-қосымша

Әкімшілік ғимараттар үй-жайлары (кеңселер) ауданының есептік нормативтері

1-кесте

Р/с №	Үй-жайлардың қолданылу мақсаты	Мекемедегі қызметшілер санына байланысты аудан көлемі, m^2 , адам саны			
		100-300	300-600	600-1000	1000-нан жоғары
1	2	3	4	5	6
1	Мекеме басшысының кабинеті	27-36	36-45	45-54	54
2	Басшының бірінші орынбасарының кабинеті	18-24	24-36	24-36	36-45

3	Басшының орынбасарының кабинеті	12-18	18-24	18-24	18-36
4	Басшының көмекшісінің кабинеті (референт)	12	12	12	12-18
5	Мекеме басшысының қабылдау бөлмесі	12	18	24	36
6	Басшы орынбасарының қабылдау бөлімі	12	12	18	24

Ескертпе: басшының және оның орынбасарының кабинеттерінің жанында ортақ қабылдау бөлімін орналастыруға жол беріледі

Кабинеттер мен құрылымдық бөлімшелер басшыларының қабылдау бөлмелерінің алаңы

2-кесте

Р/с №	Үй-жайлардың қолданылу мақсаты	Қызметшілер саны 1 адам болғандағы аудан, м ²			
		3	4	5	6
1	2	3	4	5	6
1	Басқарма бастығы	18 (24)	24(36)	36(54)	Жақша ішінде жұмысшылар саны 500 адамнан жоғары болған кездегі ғимараттар мен мекемелердегі кабинеттер ауданы
2	Бастық орынбасары	12(18)	18(24)	24(36)	
3	Қабылдау бөлмесі	12(18)	12(18)	18(24)	
4		Қызметшілер саны, адам			Бөлімдегі қызметшілер саны 5-ке дейін болған жағдайда бастықтың жұмыс орны бөлім үй-жайында орналастырылады
		5-10	10-20	20-дан жоғары	
5	Бөлім, зертхана, есептік орталық бастығы және т.б.	9	12	18	

Үй-жайлардың ұсынылған есептік нормативтері: жұмысшылардың, жиналыс үй-жайларының, ақпараттық-техникалық қолданылу мақсаттағы, кіреберіс топтағы үй-жайлар және санитариялық-тұрмыстық қызмет көрсету

3-кесте

Р/с №	Үй-жайлардың қолданылу мақсаты	Есептік бірлік немесе ауданды есептеу принципі	Есептік бірлікке аудан, м ²	Ескертпе
1	2	3	4	5
Жұмыс үй-жайлары және жиналыстарға арналған үй-жайлар				
		Бір жұмыс орнына:		Арнайы үстелдерді қажет ететін техникалық бұйымдармен жұмыс орындарын жабдықтау кезінде, олардың ауданының нормативтері

1	Құрылымдық бөлімшелердің жұмыс үй-жайлары	бөлім басшысы, бас маман, бас бухгалтер	9,0	оның іске қосу техникалық шарттарына сәйкес жоғарылайды
2		бөлім басшысының орынбасары (бас бухгалтер), бас инспектор және т.б.	7,5	
3		инженер, экономист, бухгалтер, инспектор	6,5	
4		машинисткалар, іс қағаздарын жүргізушілер	5,0	
5		келушілерді жеке қабылдау жүргізетін қызметкер (заңгерлер, әкімшілер, әлеуметтік қорғау органдарының жұмыскерлері және т.б.)	9,0 (12,0)	Жақшаның ішінде әр қызметкердің жеке бөлмесінің ауданы көрсетілген. Құжаттарды жұмыс бөлмелерінде сақтаған жағдайда бір қызметкерге 0,3 м ² есебінен жапсарлас шкафтар құруға жол беріледі
6	Макет шеберханасы	Бір макетшіге	12	Жобалау институттарында тапсырмаға сәйкес
7	Жиналыс залы	Залдағы бір орын	0,9	Инженер-техникалық жұмыскерлер 300 адамнан жоғары болғанда зал жұмыскерлердің 30 %-не есептеледі
8	Жиналыс залы жанындағы қулуарлар	Залдағы бір орын	0,3	Қулуарлар ауданына жиналыс залына жапсарлас дәліздің ауданы қосылады
9	Жиналыстарға арналған үй-жай (басшылар кабинеттерінің бірі)	Бір орын	0,8	Инженер-техникалық жұмысшылар 300-ге дейінгі мекемелерде
10	Мәжіліс залы (эстрадасыз)	Пюпитрмен бір орын	0,8	Қызметкерлер саны 200 адамнан жоғары болғанда қарастырылады
		Сондай, пюпитрсіз	0,7	Орын саны - қызметкерлердің 50 %, бірақ 800-ден артық емес
11	Мәжіліс залы жанындағы қулуарлар немесе фойе	Мәжіліс залындағы бір орын	0,3	
			0,6	
12	Мәжіліс залы жанындағы кино аппарат жайы	Жобалауға тапсырыс бойынша		
13	Президиумға арналған үй-жай	350 орынға дейінгі залға	12	
		сондай 350 орыннан жоғары	18	

14	Жиһазға және құрал-жабдықтарға арналған үй-жай	Мәжіліс залындағы бір орын	0,03	кемінде 8 м ²
15	Темекі шегетін	Сондай	0,06	500 орыннан жоғары залдар үшін
16	Мәжіліс зал эстрадасы	Тереңдік, м, залдағы орын саны:		
17		350-ге дейін	5	
18		350-ден-500-ге дейін	7	
19		500-ден жоғары	9	
Ақпараттық-техникалық мақсаттағы үй-жайлар				
20	Барлық ақпарат қағазда орналасқан техникалық кітапхана, оның ішінде			
21	Оқу залы	Бір орын	2,7(3)	Жақшада ҒЗИ-ға арналған нормативтер келтірілген
22	Кітап қоймасы	сақтау 1000 бірлігі	2,5(2,7)	
23	Қызмет бөлмесі	Бір жұмыс орны	4	
24	Әдебиеттерді қабылдау және беру аймағы	Бұл да	5	Техникалық кітапхана жалпы ауданы 90 м ² асқан жағдайда көрсетілген бөлмелер және жоспарлы аймақтар бір бөлмеге бірігеді
	Каталог және жаңа түсірілімдер көрмесі аймағы	сақтау 1000 бірлігі	0,6	
25	Мұрағат, соның ішінде			Жақшада ғылыми зерттеу институтына арналған нормативтер келтірілген
26	Оқу залы	Бір орын	2,7(3)	
27	Жұмыс үй-жайы	Бір жұмыс орны	4(6)	Егер жобалауға тапсырыс бойынша өзгеше қарастырылмаса, ауданы 54 м ² аспайтын мұрағат бір бөлмеде орналасады.
28	Есептеуіш техника бөлімшелері үй-жайлары, оның ішінде:	Жобалауға тапсырыс бойынша		
29	Өндірістік диспетчерлік бюро	Жұмыс орны	4,5	
30	Бағдарламау бюросы	Жұмыс орны	4,5	
31	ЕО басшысының үй-жайы	ЕО - дағы жұмысшылар саны: 20 адамға дейін	12	
32		20 адамнан артық	18	
				12 м ² кемінде Басқарма мекемелерінде құжат айналымы жылына 30 мың құ

33	Экспедиция	Бір жұмыс орны	6	жаттан көп болғанда, жобалау-құрылыс мекемелерінде қызметкерлер саны 1000 адамнан жоғары болған жағдайда - 24 м ² кем емес
34	Көшірме-көбейткіш қызмет, сонымен қатар: тапсырыстарды қабылдайтын және беретін үй-жай	Бір жұмыс орны	6	
35	АТС, радиоторап	Жобалауға тапсырыс бойынша		
36	Телетайп үй-жайы	Жұмыс орны	4,5	
Үй-жайлардың кіреберіс тобы				
37	Вестибюль	Бір қызметкерге	0,2	Сырт киім шешетін орынды есепке алмағанда кемінде 18м ²
38			0,25	Солтүстік құрылыс- климаттық аймақта
39	Вестибюль жанындағы сырт киім шешетін орын	Киім ілгіштің бір ілмегіне	0,1	Басқармалар ғимараттарында ілмектер саны мынадай есеп бойынша құрылады: қызметкерлер саны плюс 10-20 %-келіп кетушілер үшін, қосу 80 % мәжіліс залындағы орындар саны, егер жанында арнайы сырт киім шешетін арнайы орын болмаса. Егер жұмыс бөлмелерінде сырт киімге арналған арнайы жиһаз болса, ілмектер саны тек келушілерге ғана есептеледі
40	Мәжіліс залы жанындағы сырт киім шешетін орын	Бұл да	0,1	Ілмек саны залдағы орын санына тең
41	Аванвестибюль	12 м ² және 0,05 м ² әрбір қызметшіге қосымша		Өткізу тәртібі кезінде
42	Күзет бекеті	Бір күзетші орнына	3	
43	Өткізу бюросы	Бір жұмыс орнына	4,5	Өткізу тәртібі кезінде
44	Өткізу бюросы жанындағы күту үй-жайы немесе аймағы	Бір терезеге	6	Терезелер саны (жұмыс орны) жобалауға тапсырма бойынша анықталады
45	Қауіпсіздік және күзет қызметі үй жайы	Жеке техникалық белгіленеді	тапсырмамен	
46	Анықтама- ақпараттық қызмет үй-жайы	Бір үй жай	12	Вестибюль жанында
47	Келушілердің күту үй-жайы	Бір адамға	1,5 м ² келіп кетушілер 20 адамға дейін болса және 1 м ² қалған әр келіп кетушіге	Күту бөлмелерін қабылдау жүріп жатқан бөлмелермен жанасқан холлдармен және дәліздермен біріктіруге болады
Санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар				

48	Тамақтанатын үй-жай	бір қызметкер	0,8 - 1	Қызметкерлер саны 50-ге дейін және 10-нан аз болғанда - жұмыс бөлмесінде 6 м ² қосымша аудан
49	Буфет	Қоғамдық тамақтандыру орындарын жобалау нормативтік-әдістемелік құжаттарына сәйкес		Қызметкерлер саны 50-250 адам болғанда
50	Асхана	Бұл да		Қызметкерлер саны 250 адамнан жоғары болғанда
51	Қызмет көрсететін және іске қосатын қызметшілердің үй және жұмыс киімі тұратын үй-жай	1 адам	1,4	
52	Қызмет көрсететін және іске қосатын қызметкерлердің демалу үй-жайы	1 адам	0,3	9 м ² кем емес
53	Медициналық пункт	Сандық тізім бойынша: 50 – 150	12	
		151-300	18	
54	Дәрігерлік денсаулық пункті	Жобалауға тапсырма бойынша		Қызметкерлер саны 300 адамнан артық болмаған жағдайда
55	Қызметкерлер дәретханасы	45 ер адамға және 30 әйелге 1 унитаз 45 ер адамға 1 писсуар 40 ер адамға және 27 әйелге 1 қол жуғыш		
56	Әйелдердің жеке бас гигиенасы үй- жайы	75 әйелге 1 қондырғы		Дәретханаларда орналастырған жағдайда
57	Темекі шегетін	1 қызметкер	0,02	Кемінде 8 м ² . Қызметкерлер саны 200 адамнан артық болған жағдайда құрылады
58	Жуып-жинау құрал-жабдықтар үй жайы	100 м ² қабатқа немесе 1000 м ² ғимарат ауданына	0,8	Қабат ауданы 400 м ² кем болмаған жағдайда - екі шектес қабатқа бір үй жай
59	Сауна	Жобалауға тапсырма бойынша		Аталған құжаттың 6-шы бөлімінің талаптарын ескере отырып
60	Психологиялық демалу немесе демалу үй-жайы	Бұл да		
61	Белсенді демалыс, оның ішінде спортқа арналған үй-жайлар			

Мекемелер ғимараттарындағы техникалық қызмет көрсету үй-жайларының ауданы

4-кесте

--	--	--	--

Р/с №	Атауы	Аудан, м ² қызметкерлер санына байланысты				Ескертпе
		100-ге дейін	100 – 200	200 - 500	500 –ден астам	
1	2	3	4	5	6	7
1	Жөндеу шеберханасы	-	-	36	54	Басқарма мекемелерінде, әкімшілік ғимараттарда
2	Механикалық шеберхана	-	-	-	54	Жобалау-құрылыс мекемелерінде
3	Балташы шеберханасы	-	-	-	Жобалауға тапсырма бойынша	
4	Кеңсе бұйымдарының қоймасы	12	12	18	24	Қызметкерлер саны 100 адамнан төмен болғанда қоймалар бір бөлмеде орналасады
5	Құрал-жабдықтар мен мұқаммалды сақтау қоймасы	12	12	18	24	
6	Макулатураларды орау және өңдеу үй-жайы	-	-	-	24	Басқарма мекемелерінде
7	Жобалау объектілері бойынша көрнекі материалдарды, модельдерді және мүсіндерді сақтау қоймасы	Жобалауға тапсырма бойынша, бірақ 6-дан кем емес				Жобалау-құрылыс мекемелерінде, сәулет шеберханаларында

5-кесте

Р/с №	Үй-жайлар атауы	Жайлық деңгейінде көру залындағы 1 орынға бөлме ауданы			Ескертпе
		1	2	3	
1	2	3	4	5	6
1	Кассалық вестибюль	0,06	0,05	0,05	Рұқсат етілген бірігу
2	Кіру вестибюлі	0,15	0,10	0,10	
3	Үлестіру вестибюлі	0,35	0,30	0,25	
4	Киім ілетін орын	0,12	0,10	0,10	
5	Сөмкелер мен портфельдерді сақтайтын жүк сақтау камерасы 2	0,06	0,05	0,04	Киім ілетін орынмен қатар орналасады
6	Қызмет көрсету бюросы	0,03	0,03	-	Кіру немесе үлестіру вестибюльдерімен қатар орналастыру ұсынылады
7	Санитариялық тораптар	0,20	0,15	0,10	

6-кесте

Р/с №	Үй-жайлар атауы	Жайлық деңгейінде көру залындағы 1 орынға үй-жай ауданы			Ескертпелер
		1	2	3	
1	2	3	4	5	6
1	Фойе, кулуарлар, қонақ жайлар	1,50	1,00	0,80	Кулуарлар ені 2,4 м кем емес Еден ылдиды 1:12 кем емес
2	Темекі шегетін	0,10	0,08	0,06	

3	Фойедегі қойма	0,03	0,03	0,03	
4	Буфет	0,50	0,40	0,30	

Медициналық-қалыпқа келтіру орталығының үй-жайлары мен ұсынылатын ауданының құрамы

7-кесте

Р/с №	Үй-жайлардың атауы:	Аудан (шаршы м)
1	2	3
1	Дәрігер бөлмесі*	14-16
2	Күту бөлмесі	9-12
3	Ем-шара бөлмесі*	12
4	Электросәулемен емдеу бөлмесі*	7-8 бір кереуетке
5	Төсеніштерді өңдеу бөлмесі	8
6	Рефлексотерапия бөлмесі*	7-8 бір ем-шара орнына
7	Механотерапия бөлмесі*	56
8	Физикалық жүктемемен тест өткізу	20
9	Аз топтық және жеке сабақтарға арналған емдік дене шынықтыру бөлмесі*	36-56
	- құрал-жабдықтар қоймасымен	6-9
10	Психологиялық демалу бөлмесі*	18-25
11	Себезгі залы:	
	5 себезгі қондырғысына мінбе*	25-30
	залдағы киіп-шешіну орны*	12-14
	мінбе сорғысы	18
12	Су асты уқалау себезгісі:	
	жуыну бөлмесі*	20-22 бір ем-шара орнына
	киіп шешіну кабинасы*	4,0 бір ем-шара орнына
13	Дәретханалар:	
	Кәдімгі	6
	таянатын мүгедектерге арналған біріктірілген*	4-5
14	Қызмет көрсетуші персонал бөлмесі	12-15
15	Лас киім-кешекке және жинау мұқаммалына арналған бөлме	4

* Үй-жайлардың алаңы арбамен қозғалатын мүгедектердің пайдалануын ескере отырып беріледі. Ескертпе: электросәулемен емдеу кабинетіндегі кереует саны, рефлексотерапия, су асты себезгісі, сылау кабинеттеріндегі ем шара орны жобалауға тапсырма берілген кезде айқындалады.

